

«6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін О.Ш.Адилхановтың «Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі экспортын әртараптандыру: теориясы, бағалау және даму сценаріі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші, экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик О.Сәбденнің

ПІКІРІ

Экспортты әртараптандыру кез-келген мемлекеттің күн тәртібінде тұрған мәселе. Әсіресе шикізатқа бай, экономикасы дамып келе жатқан елдерде бұл мәселе өте өзекті. Себебі экспорттың белгілі бір салаға шоғырлануы осы елдерге тән. Мұндай елдерде макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экспорттық түсімді тұрақтандыру үшін экспортты әртараптандырудың маңыздылығы жоғары.

Қазіргі геосаяси шиеленістер жағдайы да экспорт тақырыбын одан әрі маңызды мәселеге айналдырып отыр. Кез келген мемлекет макроэкономикалық тұрақтылықты экспортсыз қамтамасыз ету мүмкін емес. Әлемдік шикізат бағасының құбылуынан қазба байлыққа бай көптеген елдер өңдеу саласына мән бере бастады. Оның ішінде Қазақстан да шикізаттық емес экспортты дамытуға бағыт алды.

Қазіргі таңда Қазақстан экономикасы әлемдік шикізат бағасына тікелей байланысты. Себебі осы уақытқа дейін Қазақстанда шикізаттық экономика қалыптасып, жалпы экспортта минералды шикізат көлемі 70%-дан асты. Экспорттың бір салаға шоғырлануы макроэкономикалық тұрақтылық үшін қауіпті процес екені белгілі.

Халықаралық рейтингтік және статистикалық агенттіктер мен ұйымдардың есептерінде тұтас Қазақстанның экспорттық мәселелері мен мүмкіндіктері қарастырылады. О.Ш.Адилхановтың диссертациялық жұмысының ерекшелігі мұнда Қазақстан және оның аймақтары мысалында экспортты әртараптандыру мәселелері жан-жақты талқыланып сараланады.

Зерттеу жұмысы кіріспе, экспортты әртараптандыру мәселесінің теориялық-практикалық мәселелерін зерттеуге бағытталған үш бөлімнен, және қорытындыдан тұрады.

Кіріспеде диссертациялық жұмыстың өзектілігі, мақсаты, мақсатқа жетудегі негізгі міндеттері, зерттеудің пәні мен объектісі, әдіснамалық базасы, ғылыми жаңалығы, зерттелу дәрежесі және тәжірибелік маңыздылығы берілген.

Диссертациялық зерттеудің бірінші бөлімінде экспортты әртараптандырудың теориялық эволюциясы, экспортты әртараптандырудың

әдіснамалық негіздері және деңгейін бағалау әдістері, экспортты әртараптандырудың институционалдық механизмінің негізі және шетелдік тәжірибесі зерттеледі. Бірінші бөлімнің нәтижесі ретінде экспортты әртараптандыру ұғымына авторлық көзқарас ұсынылып, экспортты әртараптандыру мүмкіндігін бағалау әдістемесі әзірленеді.

Екінші бөлімінде Қазақстан Республикасы өңдеу өнеркәсібі экспорттының даму тенденциясы талданады, ұсынылған бағалау әдістемесін қолдана отырып Қазақстан Республикасы аймақтары мысалында өңдеу өнеркәсібінің экспорттық әлеуеті бағаланады және өңдеу өнеркәсібі салаларының бәсекелестік артықшылықтары қарастырылып, металлургия мен машина жасау салалары тандалады.

Зерттеудің үшінші бөлімінде өңдеу салаларында экспорттық әлеуетті арттыруды институционалдық қамтамасыз ету, өңдеу өнеркәсібі экспорттының даму сценарийі әзірленеді және оны іске асыру тетіктері ретінде кешенді іс-шаралар ұсынылады.

Диссертацияның мазмұны оның атауына толық сәйкес келеді және бұл зерттеу саланың біршама мәселелерін шешуге бағытталған. Атап айтқанда Қазақстанның және аймақтарында экспортты әртараптандыруды бағалау әдістемесін әзірлеу. Әзірленген әдістеме негізінде аймақтардың экспорттың әртараптандыру мүмкіндік деңгейін анықтау, аймақтардың рейтингісін жасау, Қазақстанның өңдеу саласы экспорттының даму сценарийін әзірлеу, оны іске асыруда негізгі іс-шаралар сияқты маңызды жұмыстар жасалған.

Жалпы диссертациялық зерттеу қорғауға жеткілікті дәрежеде орындалған, теориялық және тәжірибелік құндылығы бар, диссертацияны орындауда алынған нәтижелер зерттеу саласында өзіндік орны бар жаңа білім болып табылады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдары Scopus базасына енетін журналда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда жарияланды және ғылыми конференцияларда баяндама жасалды.

Диссертациялық жұмыс 2018-2020 жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті Экономика институтында бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру бойынша жүзеге асқан BR05236639 «Қазақстанның үшінші технологиялық жаңғырту негізіндегі ғылыми сыйымды экономикаға бастар жолы: стратегиясы, дамыту модельдері мен тетіктері» атты бағдарламасының аясында орындалғанын атап өткен жөн.

Адилханов Олжас Шайзандаұлының «6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша «Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібі

экспортын әртараптандыру: теориясы, бағалау және даму сценарийі» тақырыбында жазылған диссертациялық ғылыми жұмысы толыққанды аяқталған, барлық талаптарға сай және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
э.ғ.д., профессор, ҚР ҰИА академигі



O. Sabden
О.Сәбден

O. Сәбденнің
—и— Қолын растаймын,
ҚР Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің
«Экономика институты» ЦДЖҚ РМҚК
Кадр қызметі *[Signature]*